

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
IT-инжиниринг кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

PhD, доцент

_____ Т.С. Картбаев
« ____ » _____ 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: “Банктің несие бөлімі” ақпараттық жүйесін әзірлеу

Мамандығы: 5B060200 – «Информатика»

Орындаған: Жолжаксынов Е.Т. Тобы: ИНФк-15-1

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Тоғжанова К.О.

Кеңесшілер:

Экономикалық бөлім: аға оқытушы _____ *Тул* С.К. Тулегенова
« 19 » 04 2019 ж.

Өміртіршілік қауіпсіздігі: т.ғ.д., аға оқытушы _____ *Тр* Ш.Ш. Бекбасаров
« 10 » 03 2019 ж.

Есептеу техникасын қолдану: аға оқытушы _____ *Айт* Ж.С. Айткулов
« 13 » 05 2019 ж.

Норма бақылаушы: аға оқытушы _____ *Мукапил* К. Мукапил
« 15 » 05 2019 ж.

Сын-пікір беруші: т.ғ.к., доцент _____ Д.М. Ескендирова
« ____ » _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқару жүйелері және ақпараттық технологиялар институты

IT-инжиниринг кафедрасы

Мамандығы 5B060200 – «Информатика»

Дипломдық жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Білім алушы Жолжаксынов Ердаулет Талгатович

Жобаның тақырыбы: «Банктің несие бөлімі» ақпараттық жүйесін әзірлеу

2019 жылғы «01» наурыз № 33 университет бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі: «24» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері (зерттеу (жоба) нәтижелерінің талап етілген параметрлері мен объектінің бастапқы мәліметтері): Ұсынылып отырған дипломдық жобада банктерге арналған “Банктің несие бөлімі” ақпараттық жүйесін әзірлеу. Жобаны орындау барысында C# бағдарламалау тілін, MS SQL мәліметтер қорын қолдандым.

Дипломдық жобада қарастырылған мәселелер тізімі немесе дипломдық жобаның қысқаша мазмұны:

- талдау бөлімі;
- жобалау бөлімі;
- жүзеге асыру және тестілеу бөлімі;
- экономикалық бөлім;
- өміртіршілік қауіпсіздігі;
- А қосымшасы. Техникалық тапсырма;
- Ә қосымшасы. Программа листингі;
- Б қосымшасы. Ендіру актісі.

Графикалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):
16 кесте, 31 сурет ұсынылған.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

- 1 Линн Б. Изучаем SQL. – Издательство: Питер, 2012.100-110 с.

2 Молиново Э. SQL. Сборник рецептов. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2009. 20-35 с.

3 Дж. Грофф, П. Вайнберг. SQL: Полное руководство: Пер. с англ. – 2-е изд., перераб. и доп. – К.: Издательская группа BHV, 2001. 74-80 с.

4 АндонФ, Резниченко В. Язык запросов SQL. Учебный курс. – СПб.: Питер; Киев: Издательская группа BHV, 2006. 81-101 с.

Дипломдық жобаның бөлімдеріне қатысты белгіленген кеңес берушілер

Бөлімдер	Кеңесшілер	Мерзімі	Қолы
Экономикалық бөлім	Тулегенова С.К.	19.04.2019	<i>Тул</i>
Өміртіршілік қауіпсіздігі	Бекбасаров Ш.Ш.	19.02.2019 – 10.03.2019	<i>Бек</i>
Программалық қамтама	Айтқулов Ж.С.	01.03.2019 – 30.04.2019	<i>ЖС</i>
Норма бақылау	Мукапил К.	04.04.2019 – 10.05.2019	<i>Мукапил</i>

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Талдау бөлімі	15.01.19 – 31.01.19	<i>Организац</i>
Жобалау бөлімі	01.02.19 – 28.02.19	<i>Организац</i>
Жүзеге асыру және тестілеу бөлімі	01.03.19 – 20.03.19	<i>Организац</i>

Тапсырманың берілген күні «29» қазан 2018 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Т.С. Картбаев

Жобаның ғылыми жетекшісі *Жеку* _____ К.О. Тоғжанова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы *Молд* _____ Е.Т. Жолжаксынов

Аңдатпа

Осы дипломдық жобада «Банктің несие бөлімі» ақпараттық жүйесі әзірленді.

Ақпараттық қосымша төмендегідей қызмет атқарады: несие алушылар жөнінде толық ақпарат беру, несие алушы клиенттерді тіркеу, клиенттің аты-жөні, мекен-жайы, келісім шарт нөмірінің өсуі бойынша сұрыптау, клиенттердің id-номері бойынша іздеу жүйесін ұйымдастыру, несие алушылардың толық статистикалық мәліметін шығару және .т.б.

Ақпараттық іздеу жүйесін құрастыру барысында объектілі-бағытталған бағдарламалау тілінің бірі – C# және MS SQL Server мәліметтер қоры қолданылған.

Аннотация

В дипломном проекте разработано информационная система «Кредитный отдел банка».

Целью дипломной работы является разработка информационного приложения «Банковская система отдел кредитование». Данное информационное приложение выполняет следующие задачи: предоставлении информации о заемщиках, регистрация нового клиента, Ф.И.О, адрес клиента, сортировка по возрастанию номера договора, организация системы поиска по id-номеров клиентов, вывод полных статистических данных заемщиков.

При разработке программного обеспечения дипломной работы использовалась объектно-ориентированная среда программирования С# и СУБД MS SQL Server.

Annotation

In the research paper developed informative annex "credit department of the banking system".

The aim of the thesis is to develop an information application "The banking system lending department". This data application performs the following tasks: providing information on borrowers, the registration of a new client, full name, address of the client Sorting in increasing numbers treaty organization look-id-numbers of clients, conclude comprehensive statistics borrowers. In software development, the thesis used object-oriented programming environment C# and database MS SQL Server.

Мазмұны

	Кіріспе	8
1	Талдау бөлімі	9
1.1	Банктік қызыметтің автоматтандырылған жүйелері	9
1.2	Несие түсінігі және оның түрлері	14
1.3	Банктің ақпараттық технологияларына шолу	17
2	Жобалау бөлімі	19
2.1	Мәліметтер қорын басқару жүйесін таңдауды негіздеу	19
2.2	Программа құрудың интегралдық ортасын сипаттау	25
2.3	SQL тілі – мәліметтер қорының негізгі тілі	28
2.4	Мәліметтер қорының құрылымын сипаттау	32
2.5	Пәндік саланы модельдеу	37
2.6	Прецеденттер диаграммасы	38
2.7	Тізбек диаграммасы	40
2.8	Кооперация диаграммасы	42
2.9	Қызмет диаграммасы	42
2.10	Кластар диаграммасы	43
3	Жүзеге асыру және тестілеу бөлімі	46
3.1	Программалау тілін таңдауды негіздеу	46
3.2	Банктің несие бөлімінің ақпараттық қосымшасын пайдаланушыға нұсқау	47
3.3	Программаның баяндалуы	52
3.4	Функционалдық тағайындалуы	52
3.5	Қажетті техникалық жабдықтар	52
4	Экономикалық бөлім	53
4.1	Экономикалық бөлімдегі орындалатын мақсаттар мен тапсырмалар	53
4.2	Программалық өнімді құрудың еңбек сыйымдылығын есептеу	53
4.3	Программалық өнім құрудағы шығындарды есептеу	53
4.4	Еңбекке ақы төлеу шығындарын есептеу	55
4.5	Программалық өнімнің мүмкін болатын (келісімді) бағасын анықтау	59
4.6	Программалық өнімнің экономикалық бөліміне қорытынды	59
5	Өміртіршілік қауіпсіздігі	60
5.1	Еңбек жағдайларын талдау	60
5.2	Табиғи жарықтандыруды есептеу	64
5.3	Жасанды жарықтандыруды есептеу	66
	Қорытынды	71
	Әдебиеттер тізімі	72
	А қосымшасы. Техникалық тапсырма	74
	Ә қосымшасы. Программа листингі	78
	Б қосымшасы. Ендіру актісі.	89

Кіріспе

Ақпараттық қосымша – қолданушымен тікелей байланыс жасауға негізделген, қолданушылар тапсырмасын орындауға арналған программа.

Қолдану аймағына және функцияларына байланысты ақпараттық қосымшаларға келесі талаптар қойылады:

– ақпараттық қосымша ақпараттарды жинауға, өңдеуге және сақтауға арналған. Сондықтан ақпараттық қосымшаның сақтау ортасы мен мәліметтерге қатынасы оның негізі болып табылады, сақтау ортасы сәйкес аймаққа қатысты және сақтау деңгейі сенімді болуы керек;

– ақпараттық қосымшаның интерфейстері қолданушы үшін оңай игерілетін және ыңғайлы болуы тиіс, қазіргі кездегі ақпараттық қосымшаларда дамыған графикалық интерфейстің болуы міндетті болып саналады.

Мәліметтер қоры дегеніміз – ақпараттарды сақтау үшін арналып ұйымдастырылған құрылым. Алғашқы кезде, яғни, мәліметтер базасы түсінігі қалыптаса бастаған жылдары, бұл қорларда тек қана мәліметтер сақталып жүрді. Бірақ бүгінгі күнгі мәліметтер қорын басқару жүйелері (МҚБЖ) өз құрылымында тек қана мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар тұтынушылармен немесе басқа да программалық-ақпараттық кешендермен қарым-қатынас жүзеге асырылатын әдістерді (яғни, программалық код) де орналастыруға мүмкіндік береді. Осылайша біз қазіргі заманғы мәліметтер қорында тек қана мәліметтер ғана емес, сонымен бірге ақпарат та сақталатындығын айта аламыз.

Бұл дипломдық жобаның мақсаты:

– несиелік операциялар туралы ақпаратты өңдеуші банк қызметкерлерінің және несие бөлімінің қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру;

– клиентті несие түрлерімен таныстыру;

– клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыру;

– сонымен қатар клиенттің арызын қабылдап, кредит алуына келісім жасайтын, клиенттің төлемдерін қабылдайтын банктің несие бөлімінің автоматтандырылған ақпараттық қосымшасын құру болып табылады;

Ақпараттық қосымшаның негізгі орындайтын функциялары:

– клиентке кредит түрлері туралы ақпарат беру;

– жылдық несиеден түскен пайданы есептеу, мониторинг жасау.

Бұл қосымша несие алушыны несие туралы ақпаратпен қамтамасыз етіп, несие беру операцияларын жүзеге асырып, қағазбасты технологиядан құтылуға жағдай тудырады.

Дипломдық жұмыс нәтижесінде құрастырылған жүйе тұтынушы қауымға белгілі деңгейде пайдасын тигізеді.

1 Талдау бөлімі


1.1 Банктік қызметтің автоматтандырылған жүйелері

Банк – ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, кредит беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосу, ақша мен құнды қағаздар шығару, алтынмен, шетелдік валютамен түрлі операциялар жасау және басқа да қызметтер атқаратын қаржы мекемесі. Банктің пайда болуы мен дамуы тауар- ақша қатынастарының дамуымен тығыз байланысты. Банктер кәсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың, сонымен қатар тұрғындардың уақытша пайдаланылмай бос тұрған қаражаттарын жинақтап, қажет етушілерге өсіммен уақытша кредит беру арқылы қаржы мұқтаждығын өтейді. Қызмет көрсету аясындағы банктің өнеркәсіптік кәсіпорындардан ерекшелігі оның несие беруінен байқалады.[3]

Қазіргі кездегі банк ісі – ұзақ мерзімдік дамудың нәтижесі. Банктер уақытша пайдаланылмай тұрған бос ақша қаражаттарын өзіне жинақтау, клиенттерге есепшот ашып, кассалық қызмет көрсету, қысқа және ұзақ мерзімге кредит беру, инвестициялық қызмет атқару (ұзақ мерзімді күрделі шығындарды қаржыландыру, құнды қағаздар шығару) сияқты өзіндік арнаулы қызметтерге қоса, нарықтық экономика жағдайында лизингтік, факторингтік, кеңесшілік, ақпараттық қызметтерді де атқарады, банк басқарудың құрылымдық сұлбасы төменде 1.1- суретте көрсетілген. Банк жүргізетін операциялар пассивті (ресурстарды банктегі есепшотқа енгізу) және активті болып бөлінеді. Негізгі пассивті операциялардың қатарына банктің өзіндік капиталы депозиттер қабылдау және банкаралық ақша пиасасынан қосымша ресурстар алу жатса, ал негізгі активті операцияларға банкаралық кредит беру, инвестициялық қаржы бөлу жатады.

Банк технологиясын автоматтандыру процесінің актуалдылығы 80-жылдардың соңы және 90-жылдардың басында ерекше көзге көрінді. Бұл 1989 жылдағы банк реформасына байланысты еді. Осы кезде жұмыс атқарушы банктер өз алдына ауқымды еркіншілікке ие болды да, бұрынғы мемлекеттік банктермен қатар жаңа коммерциялық банктер пайда болды. Осындай жағдайда банк ақпараттарын өңдеуге пайдаланылатын есептеу цифрлары банктерге қаржы ахуалын болжау, анализдеу және жұмысын жеңілдететін қызмет ауқымын ұсына алмайтын болды.[4]

Банк және өзге де қаржы құрылымдары қызметін автоматтандыру процесінің дамуы көптеген ақпараттық технологиялардың пайда болуына әкелді. Отандық банк инфрақұрылымының компьютерлік платформасы тұрғысынан қарағанда шет елдік жүйелерден айырмашылығы – олардың жоғарғы деңгейдегі біртектілігі болды.



1.1-сурет – Банк жүйесін басқарудың құрылымдық сұлбасы

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызмет туралы» заңының 1-бабына сәйкес, «банк – осы заңға сай банктік қызметті жүзеге асыруға құқылы коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға».

Банктік қызмет – бұл банктік операцияларды жүзеге асырумен байланысты қызметті білдіреді. Аталған заңның 30-бабына сәйкес банктік операцияларға мыналар жатады:

- заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- заңды және жеке тұлғалардың металдық шоттарын ашу және жүргізу;
- кассалық операциялар: банкнота мен монетаны қабылдау, беру, қайта санау, айырбастау, сорттау, қаптау және сақтау;
- аударым операциялары: заңды және жеке тұлғалардың ақшаны аударумен байланысты тапсырмаларын орындау;
- есепке алу операциялары: заңды және жеке тұлғалардың вексельдерін және өзге борыштық міндеттемелерін есепке алу;
- заемдық операциялар: ақы төлеу, мерзімін белгілеу және қайтару шартымен ақшалай нысанда несиелер беру;
- заңды және жеке тұлғалардың, оның ішінде корреспондент-банктердің тапсырмаларына байланысты, олардың банктік шоттары бойынша есеп айырысу операцияларын жүргізу;
- сенім операциялары: сенім білдірушінің тапсырмасы бойынша және оның мүддесіне сай, ақшасын, құйма бағалы металын және бағалы қағаздарын басқару;
- сейфтік операциялар: клиенттердің құжатты формада шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және бағалы заттарын сақтау қызметін көрсету, сондай-ақ жәшіктерді, шкафтарды және бөлмелерді жалға беру;
- ломбардтық операциялар: тез іске асатын бағалы қағаздар мен жылжитын мүліктерді кепілге алып, қысқа мерзімді несиелер беру;
- төлем карточкаларын шығару;
- банкнот пен монеталарды және бағалы заттарды жөнелту;
- шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру;
- төлем құжаттарын инкассоға қабылдау;
- чек кітапшаларын шығару;
- бағалы қағаздар нарығындағы клирингтік қызмет;
- аккредитивті ашу, растау және ол бойынша міндеттемені орындау;
- ақшалай нысанда орындалуды көздейтін, банктік кепіл-хаттарды беру;
- үшінші тұлғаның атынан ақшалай банктік кепілдеме беру.[3]

Әрбір үлкен не кіші банкте бөлімдер болады. Олардың әрқайсысы бір бірінен ерекшеленген әлем болып саналады, онда өзіне тән принциптер мен

ережелер сақталады. Ұйымның жұмысы тиімді болу үшін бөлімдер өзара тиімді әрекеттесе алу қажет. Қайсы бөлім маңызды, қайсысы маңызды емес екенін анықтап отырудың қажеті жоқ. Олардың бәрі маңызды. Алайда олардың ішінен бірінші дәрежелі рөл ойнайтындарын ерекшелеп көрсетуге болады.

Несиелік ұйымдардағы ең маңызды бөлімдерді атап көрсетейік:

- есептік-кассалық қызмет;
- валюталық операциялар;
- бағалы қағаздар;
- пластикалық карталар;
- несие бөлімі.

Бұл бөлімдер банктің экономикалық жағдайын анықтайды. Сондықтан осы бөлімдердің жұмысын ұтымды ұйымдастыра алу қажет.

Енді несие бөлімінің жұмысы үш кезеңнен тұрады:

- несие беру жөніндегі арызды рәсімдеу;
- арызды қарастыру және несие беру жөнінде шешім шығару;
- несие беру және қарыз сомасы жөнінде келісім шартқа қол қою.

Әрбір кезең жекелеген қызметкерлердің жұмысымен байланысты:

а) бірінші кезеңнің жүзеге асуы, ең алдымен, несиелік кеңесшілердің жұмысына тәуелді. Кеңесшілер потенциалды клиенттермен операциялық залда немесе кредиттік бөлімде мәміле жүргізеді. Олардың міндетіне потенциалды қарыз алушыларға тиімді кредит беру нұсқасын таңдауда көмектесу және қажетті құжаттарды дұрыс толтыруға көмектесу сияқты әрекеттер кіреді, ол арыз беру үрдісін барынша жылдамдату және оңайлатуды көздейді. Әрі қарай іске несиелік инспекторлар кіріседі. Олардың міндеті – несиені рәсімдеу. Инспектор құжаттар пакетін тексереді; несие сомасын және мерзімін есептейді; кредитті қамсыздандыру қажеттігін анықтайды. Сонымен қоса инспектор қарыз алушының берген мәліметтеріне сүйене отырып оның төлемге қабілеттілігін зерттейді. Кредит алушының келісімімен инспектор несиелік бюроға, оның несиелік тарихын зерттеу мақсатында сұраныс жасайды.

ә) банк арызды ұзақ уақыт қарастыруы мүмкін – шамамен 10 күнге дейін. Бұл үрдіс кредит алушының несие ісін рәсімдеумен басталады, оны кейін қауіпсіздік қызметіне жібереді. Бұл бөлімнің қызметкерлері қарыз алушының берген мәліметтерін мұқият тексереді. Сонымен қоса, қарыз алушы немесе оның туыстары қылмыстық іске тартылған ба, соны да тексереді. Бұдан кейін іс қайтадан кредиттік инспекторға қайтып келеді. Кейін толық рәсімделгеннен кейін ол несие бөлімінің бастығына тексеруге жіберіледі. Одан кейін несиелік комитеттің хатшысы ол істі «қарастырылатын істер реестріне» қосады.[4]

Банктің несиелік комитетінде басқа бөлімдердің бастықтары да болуы мүмкін: әділет, экономикалық, қауіпсіздік, бухгалтерлік есеп бөлімдері. Егер филиалдың несиелік бөлімінде осы аталған бөлімдердің адамдары болмаса, онда белгілі бір шешім қабылдау тәртібі орнатылады, бірақ оған дейін іс

аталған барлық инстанциялардан өтеді. Нәтижесінде инспектор барлық клиенттердің істерін жинап комитетте жариялайды.

б) оң шешім қабылданған жағдайда инспектор бұл жөнінде қарыз алушыға хабарлайды, кредит сомасын беру датасын белгілейді және соған қажетті құжаттарды жинай бастайды (кредиттік келісімшарт, залог келісімі). Келісімшарт пішіндері банк заңгерлерімен келісілген және бастық қолы қойылған болу керек.

Несие жүйесінің рөлі мен маңызы келесідей бірқатар көрсеткіштермен сипатталады: несиелік жұмсалымдардың жалпы көлемі, кәсіпорындар мен ұйымдардың негізгі және айналым капиталын қалыптастыруға банктегі қарыздардың үлесі, жалпы төлем айналымы және т.б. Несие туралы келісімшартқа несиелік берілетін күні екіжақты қол қойылады. Қарыз алушының қатысуы міндетті. Қарыз алушы келісімшартпен танысып, қол қойып, қажетті данарларды таратып болған соң, банк кассасына барып шартта көрсетілген сомада ақшалай қаржыны алады. Кредит келісімшарты қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Қарыз алушы тек оны уақытылы жауып отырса болғаны. Бірақ осымен инспектор жұмысы біткен жоқ. Жинақталған мәліметтерді ол несиелік тарих бюросына жібереді, сонымен қатар ол қарыздың уақытылы төленуін қадағалап отыруы тиіс. Аса ірі банктерде бұл функцияны кредит келісімшартын сүйемелдеу бөлімінің қызметкерлері атқаруы да мүмкін.

Несиелік бөлімнің қызметкерлерінің жұмысы үлкен жауапкершілікті, талапкерлікті қажет етеді, алайда бұл қасиеттер клиенттерге байқатпай орындалуы тиіс. Клиенттің несиелік алу процесі олар үшін ыңғайлы және жағымды болуы тиіс, олардың банкке деген сенімі арта түсуі керек. Банктің ақпараттық және өзге де технологияларын автоматтандыру стратегиясы міндеттерді жедел түрде шешуге әсерін тигізуде. Клиенттерге қызмет көрсетуді автоматтандырудың басым бағыттары банктердің бәсекелестік позициясына әсер етеді. Олар: қосымша шығындарды кеміту және қызмет көрсету сапасын арттыру.[7]

Электронды техника жетістігі мүлдем жаңа қызмет түрін – ақша массасындағы нақты қаржыны автоматты басқару жүйесін ұсынды.

Қағаз қолданылмайтын технологияның оң аспектілері:

- іс жүзінде әп-сәттік мәлімет жіберу;
- сақтаудағы ерекше артықшылық;
- құжат өңдеудегі еңбекті қажет етудің күрт кемуі.

Банк технологиясын автоматтандыру процесінің актуалдылығы 80-жылдардың соңы және 90-жылдардың басында ерекше көзге көрінді. Бұл 1989- жылдағы банк реформасына байланысты еді. Осы кезде жұмыс атқарушы банктер өз алдына ауқымды еркіншілікке ие болды да, бұрынғы мемлекеттік банктермен қатар жаңа коммерциялық банктер пайда болды. Осындай жағдайда банк ақпараттарын өңдеуге пайдаланылатын есептеу цифрлары банктерге қаржы ахуалын болжау, анализдеу және жұмысын жеңілдететін қызмет ауқымын ұсына алмайтын болды.

Банк және өзге де қаржы құрылымдары қызметін автоматтандыру процесінің дамуы көптеген ақпараттық технологиялардың пайда болуына әкелді. Отандық банк инфрақұрылымының компьютерлік платформасы тұрғысынан қарағанда шет елдік жүйелерден айырмашылығы – олардың жоғарғы деңгейдегі біртектілігі болды.[8]

1.2 Несие түсінігі және оның түрлері

Кредит (лат. creditum – несие, сенемін, сенім білдіремін) – белгілі мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз. Оның қозғалысы кезінде кредит пен қарызгер арасында белгілі бір экономикалық қатынастар қалыптасады. Кредиттің дамуы ұдайы өндіріс үрдісіндегі капиталдың ауыспалы айналымының заңдылықтарына орайлас келеді: шаруашылықтың белгілі бір телімдерінде уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы бос қалады да, басқаларында оған деген мұқтаждық, яғни кредит алу қажеттілігі туады. Капиталдың ауыспалы айналымы негізінде пайда болған уақытша еркін айналымдағы ақша капиталы, халық пен мемлекеттің ақшалай жинақтары кредит көзін құрайды.

Кредиттік қатынастар жүйесінде кредит операцияларын жасау үшін қаражат тартудың да маңызы зор. Мұндай қызмет әр түрлі кредиттік қатынастар үшін біркелкі бола бермейді. Кредит өнімнің өндірілуі, өткізілуі мен тұтынылуы үрдісіне және ақша айналысы саласына әсерін тигізеді, яғни өнімді өндіру мен өткізу үрдістерінің кемшіліксіз болуына ықпал етеді, өндірістің маусымдылығына орай туындаған қаражатқа деген қажеттілікті уақытша қанағаттандыруда, өндірісті кеңейтуде үлкен рөл атқарады. Тұтыну кредиті халықтың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға септігін тигізеді.[3]

Қазақстанда кредиттің мынадай түрлері пайдаланылады:

- ұлттық банк кредиттері – аукциондық, ломбардтық, бюджеттік кредиттер;
- екінші деңгейдегі банктер кредиттері – меншікті айналым қаражатының жетіспеушілігін уақытша толтыруға, күрделі салымдарды қаржыландыруға, тұтыну мақсатына арналған кредиттер; импорттық, ипотекалық, консорциалдық, банкаралық кредиттер. Қазақстан Ұлттық банкінде кредит сапасына қарай стандарттық, бейстандарттық, қанағаттанусыз, күмәнді және зиян келтіруші кредит деп бөлінеді.

Кредиттің формасы – бұл кредит қатынасының сырттай нақты көрініс табуы. Ол кредит қатынасының мәні мен ұйымдастырылуын синтездейді. Кредит қатынасының формасы мен мазмұны ажырағысыз әрі диалектикалық жағынан біртұтас болады. Кредит қатынасының формасы оның мазмұны мен дамуына сәйкес келуі керек.[4]

Таңдап алынған жіктеу өлшеміне қарай кредиттің мынадай ең маңызды формаларын бөліп көрсетуге болады.

– қызмет саласына қарай – ұлттық және халықаралық кредит;
– кредит мәмілесінің объектісіне қарай – ақшалай және тауарлық кредит;

– кредит қатынасының субъектісіне қарай – банктік, коммерциялық, халықаралық, тұтынушылық кредиттер.

Қазақстанда кредит түрлері былайша жіктеледі:

а) кредиттеу объектінің экономикалық белгілері бойынша:

- 1) айналым қаражатын қалыптастыруға берілетін несиелер;
- 2) негізгі құрал-жабдықтарды қалыптастыруға берілетін несиелер;
- 3) өндірістің маусымдық шығыны аясында берілетін несиелер;
- 4) жол үстіндегі есеп айырысу құжаттары аясында берілетін

кредит;

5) төлем кредиттері.

ә) қамтамасыз етілуі бойынша:

1) жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен, кепілдікпен, сақтандыру келісім шартымен толық қамтамасыз етілген;

2) ішінара қамтамасыз етілген;

3) қамтамасыз етілуі болмайтын банкілік.

б) қайтарылу мерзімі бойынша:

1) қысқа мерзімді;

2) орта мерзімді;

3) ұзақ мерзімді.

в) өтелу тәртібі бойынша:

1) бөліп – бөліп төлеу;

2) бір жолғы өтеу;

3) кезең сайын бір қалыпты өтеу.

г) тәуекелді деңгейі бойынша:

1) субстандартты;

2) стандартты;

3) күмәнді;

4) сенімді;

5) сенімсіз;

6) ұзартпалы.

ғ) ақылығы бойынша:

1) қалыпты пайыздық мөлшерлемесі;

2) жоғары пайыздың мөлшерлемесі;

3) төмен пайыздың мөлшерлемесі;

4) пайызсыз.

д) салалық бағыты бойынша:

1) сауда - саттық кредиті;

2) өнеркәсіп кредиті;

3) ауыл шаруашылық кредиті;

4) құрылыс кредиті.

Несие – нарықтық экономиканың тірегі ретінде, экономикалық дамудың ажырамас элементін білдіреді. Оны барлық шарушылық субъектілерімен қатар, мемлекет те, үкімет те, сондай-ақ жеке азаматтар да пайдаланады. Несиенің пайда болуын өнімдерді өндіру сферасынан емес олардың айырбас сферасынан іздеу қажет. Тауар айырбастау – бұл тауардың бір қолдан екінші қолға өтуін білдіреді десе, шынымен де, осындай айырбас кезінде несиеге байланысты қатынас туындайды.[7]

Несие – бұл пайыз төлеу және қайтару шартында уақытша пайдалануға (қарызға) берілетін ссудалық капитал қозғалысы. Несие ақшалай капиталдың ссудалық капиталға өтуін қамтамасыз ете отырып, несие берушілер мен қарыз алушылар арасындағы несиелік қатынасты бейнелейді. Несиенің көмегімен заңды және жеке тұлғалардың уақытша бос қаражаттары мен табыстары экономикалық жүйе төңірегінде жинақтала отырып, уақытша және ақылы негізде пайдалануға берілетін ссудалық капиталға айналады.[3]

Несиенің экономикадағы орны мен рөлі, оның атқаратын қызметтерімен сипатталады. Жалпы несие экономикалық категория ретінде төмендегідей қызметтерді атқарады:

- қайта бөлу;
- айналыс шығындарын үнемдеу;
- айналыстағы нақты ақшалардың орнын уақытша алмастыру;
- капиталдың шоғырлануын жеделдету;
- ғылыми-техникалық прогрессті жеделдету.

Несиенің қайта бөлу қызметі, кез келген елдің ұлттық экономикасының толық қанды жұмыс жасауына өз үлесін қосады. Несиенің бұл қызметінің көмегімен экономикалық жүйенің бір саласынан екінші бір саласына капитал ағымы болады. Несиенің бұл қызметінің, қаржының қайта бөлу қызметінен айырмашылығы қаржының бөлінуі әкімшілік негізде жүргізілсе, ал салалар мен аймақтар арасындағы капитал ағымы несие арқылы, яғни ол нарықтық механизм негізінде жүзеге асырылады. Несиенің айналыс шығындарын үнемдеу қызметінің іс жүзіне асуы несиенің экономикалық мәнінен туындайды. Шаруашылық субъектілеріндегі ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды арасындағы уақытша болатын алшақтық кей жағдайларда қаржылай ресурстарға деген қажеттілікті туындатады. Міне, сондықтан да мұндай жағдайларда қарыз алушылардың барлық категориялары өздерінің меншікті қаражатқа деген жетіспеушіліктің орнын толтыру үшін несие пайдаланады. Бұл дегеніміз капитал айналымын қамтамасыз етіп қана қоймай, айналыс шығындарын үнемдеуге де мүмкіндік жасайды.[8]

Несие бөлімінің ақпараттық жүйесін құрудағы программалық өнім келесі бөлімдерден тұрады:

а) кредит 1.2 программасы – бұл программа несиелік міндеткерлікті төлеуді есептеуге арналған. Программаны организациялармен қатар жеке адамдар кредит төлемдерін тез есептеуге қолданады. Программаға енгізілетін мәліметтер: несие суммасы, жылдық пайыз, ай бойынша есептелген несие төлеу мерзімі, алғашқы төлем.

Программаның нәтижесінде әр ай сайын төленетін сумма, пайызбен қосылған сумма, төленетін уақыттар шығарылады. Есептеме ай бойынша не күн бойынша есептеледі. Соңғы бағанда пайызбен есептелгендегі нәтижелік сумма көрсетіледі. Сонымен қатар программаға төленген сумманы курсор арқылы енгізуге болады, сонда программа сол сумма бойынша қайта есептеме жүргізеді. Алынған нәтижені программаның архивына сақтауға болады. Нәтижелік мәліметті баспаға шығаруға болады.

ә) AS-Retail программасы – ол жеке беттің қызмет көрсетуінің қазіргі арнаулы банктік жүйесі. Жүйенің қайталанбас ерекшелігі барлық клиенттер, шоттар мен карталар бойынша орталықтанған мәліметтер базасын енгізу мүмкіндігі болып табылады, ол банк қызметі нарығындағы жұмысты ұйымдастырудың жоғары тиімділігін қамтамасыз етеді:

- банктің эквайрингтік желісін дамыту;
- жалақы жобаларын ұйымдастыру.

Негізгі артықшылықтар:

а) модульдік. AS-Retail жүйесі тәуелсіз модульдік кешенін ұсынады, ол оның мүмкіндігін банктің бизнес- процесінің өзгерісіне лайық өсіруге мүмкіндік береді.

ә) қолжетімділік. AS-Retail банкінің клиенттерін тәулікте 24 сағат, жылда 365 күн қызмет көрсетеді. Жүйенің баяулауы кезінде жабдықтың апатты істен шығуынан аулақ болу үшін, AS-Retail программалық компоненттің бөлек-бөлек компьютерлерде қосарландыруының мүмкіндігін көздейді. Бұл ретте олардан бірінің істен шығуы жүйенің қолжетімділігіне зиян келтірмейді, тек оның жалпы өнімділігін төмендетеді.

б) жүйенің жеке комплектін нақты банктің ағымдағы мақсаттарына лайықтау. Жүйені кірістірмес бұрын сол банктің қызметкерлері мен Asoft компаниясының мамандары қосылып оның ең маңызды есептерін анықтап алу қажет болады, нәтижеде банктің негізгі мәселелерін қанағаттандыратын және оның дамуын көздейтін тиімді шешім қабылданады.

в) жүйедегі амалдар мен әрекеттердің кешенді мониторингі. Жүйеде қолданушылардың әрекеті мен жеке шоттардың, штраф тарифтерінің және комиссияның, пайыздық жүктеменің өзгерістері толық бейнеленеді. Жүйе жұмысы кезіндегі барлық құжаттардың архиві жүргізіледі.

г) масштабталу. Жүйенің ақпараттық негізін орталықтанған мәліметтер қоры құрайды, ол аз уақыт ішінде заманауи телекоммуникациялық құралдар көмегімен банктің филиалдар желісін құрауға мүмкіндік береді. Масштабталу дегеніміз жүйені өнімділігі төмен аппараттарда қолдануға және қажет болғанда мәліметтер көлемі мен қолданушылар саны мың есе өскен жағдайда да қолдануға болады деген сөз.

ғ) көпвалюталық – несие берудің кез келген валюта түрлерінде алу мүмкіндігі;

д) пайызды жүктеудің дамыған сұлбасы;

е) басқа жүйелермен бірлесе жұмыс жасауға қабілеті – бір жүйеден екінші жүйеге автоматты түрде өте алу қабілеті;

ж) ақпаратты қорғаудың жоғары деңгейі – бұл ақпараттық жүйе қолданушысының тексеру ықтималдығын ойластыру, вирустардың жайылып кетпеуін қадағалау.[3]

1.3 Банктің ақпараттық технологияларына шолу

Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар банк құрылымдарының қызметін үйлестіріп, банкаралық байланыстарды кеңейтіп, бірнеше мемлекеттің қаржы нарығына бір мезгілде әрекет ету мүмкіншілігін ұсына алады.

Банктің пайда болуы мен дамуы тауар-ақша қатынастарының дамуымен тығыз байланысты. Банктер кәсіпорындардың, фирмалардың, компаниялардың, сонымен қатар тұрғындардың уақытша пайдаланылмай бос тұрған қаражаттарын жинақтап, қажет етушілерге өсіммен уақытша кредит беру арқылы қаржы мұқтажығын өтейді. Банктің ақпараттық және өзге де технологияларының ақпараттық қосымшасын құру стратегиясы міндеттерді жедел түрде шешуге әсерін тигізуде. Клиенттерге қызмет көрсетуді автоматтандырудың басым бағыттары банктердің бәсекелестік позициясына әсер етеді. Олар: қосымша шығындарды кеміту және қызмет көрсету сапасын арттыру.[4]

Несие өнімнің өндірілуі, өткізілуі мен тұтынылуы үрдісіне және ақша айналымы саласына әсерін тигізеді, яғни өнімді өндіру мен өткізу үрдістерінің кедергісіз болуына ықпал етеді, өндірістің маусымдылығына орай туындаған қаражатқа деген қажеттілікті уақытша қанағаттандыруда, өндірісті кеңейтуде пайдалану үлкен рөл атқарады.

2 Жобалау бөлімі

2.1 Мәліметтер қорын басқару жүйесін таңдауды негіздеу

Мәліметтер қоры – белгілі бір арнаулы ауқымға қатысты мәліметтерді баяндау, сақтау мен амал-тәсілдермен ұқсата білудің жалпы принциптерін қарастыратын белгілі бір ережелер бойынша ұйымдастырылған мәліметтердің жиынтығы. Адамның қатысуы ықтимал, автоматтық құралдармен өңдеуге жарамды түрде ұсынылған ақпарат мәліметтер ретінде түсініледі.

МҚБЖ – жаңа қор құрылымын құруға арналған программаның құралдар кешені, оның құрамын толықтыру, құрамында барды өңдеу және ақпаратпен көрсетушілік (визуализация). МҚБЖ-ның тағы бір функциясы – мәліметтерді басқару. Мәліметтерді басқару ретінде, әдетте, мәліметтерге рұқсат етілмей қол жетуден қорғау, мәліметтермен жұмыс режимін көп мәрте пайдалануды қолдау және мәліметтердің тұтастығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету түсініледі.[14]

Объект деп – мағлұматтары мәліметтер қорында сақталатын ақпараттық жүйенің элементтері аталады.

2.1-кесте – Ақпараттық жүйедегі мәліметтер қорының сипаттамасы

Элементтер	Сипаттама
Ақпараттық жүйе	Барлық ақпараттар МҚ сақталады
МҚ типі	Реляциондық
Жүйе классификациясы	Фасеттік, классификацияның иерархиялық сұлбасы
Кодтау жүйесі	Сәйкестендіру тәсілі, кодтаудың реттік жүйесі
Қауіпсіздік	Үзілген ақпараттардың қайта қалпына келуі, күнделікті құпия сөздің ауыстырылуы, зақымданған бөлімдерді толық тазалау администратордың нұсқауымен толық қадағаланады

2.1.1 Мәліметтер модельдері

Мәліметтер қорының моделі дегенде әдетте қордың құрылымы және онымен жұмыс істеу әдісі түсініледі. Модельдердің бірнеше түрлері бар және жаңа тұжырымдама ұсынатын, нақты талаптарға жауап беретін жаңа түрлері үнемі шығып, дамып тұрады.

Иерархиялық модель. Иерархиялық модель графпен байланысқан ағаш түрінде көрсетіледі. Ағаштың ұштары әр түрлі деңгейлерде орналасады. Модельдің ережелері:

- байланыс түрлері функциональды болуы керек (1:1, 1:К, К:1);
- ағаш айналым бола алмайтын бағытталмаған граф түрінде болады;
- ағаш бір «түбірлік» жазба түрінен және әрқайсысы өзіндік ағаш түрінде көрінетін бұтақшалардан тұрады;
- ағашта әр түйін тек бір ғана аталық түйінмен байланысады;

– ағаш бұтақтары «бастапқы-пайда болған» байланысқа сәйкес келеді;
– әр пайда болған түйінге қатынас жасау тікелей бастапқы түйін арқылы орындалады;

– кез- келген түйінге қатынас жасау үшін ағаштың түбірінен басталатын тек жалғыз ғана сызықтық-иерархиялық жол болады.

Иерархиялық модельдің анықталынған кемшіліктері бар:

– иерархиялық жүйеде ақпаратты іздеу тек жоғарыдан төменге қарай ғана орындалады, яғни нақты аталық сегмент данасы арқылы бүкіл ұрпақтық сегмент көшірмесін табуға болады. Ал кері жағдайда іздестіру қиындалған, тіпті көп жағдайда мүмкін емес;

– логикалық деңгейде мәліметтердің қайталануы болады;

– иерархиялық модельде ешбір ұрпақ аталық түйінсіз сақталмайды, сондықтан егер аталық түйін өшірілсе, онымен байланысқан ұрпақ түйіндер де өшіп кетеді.


Реляциялық модель. Реляциялық модельде байланыс екі өлшемді массив түрінде көрсетіледі. Әр жол белгілі бір затқа немесе оның бөлігіне қатысты мәліметтен тұрады. Ал баған оның қандай да бір қасиетін сипаттайды. Кестеге келесі талаптар қойылады:

- ұяшықтағы мән бірімәнді болуы керек;
- бағандағы барлық жазбалар бір типті болуы керек;
- әр бағанның жеке қайталанбас атауы болуы керек;
- екі бірдей жол атауы болмауы керек;
- жол реттілігі сақталуы шарт емес.

Реляциялық мәліметтер қорының пайда болуы ақпаратты іздеудің өте жылдам алгоритмдерінің пайда болуының алғы шарты болды.

Желілік модель. Желілік модель иерархиялық модельдің кеңейтілген түрі болып табылады. Құрушылардың мақсаты – иерархиялық модельдің кемшіліктерін жөндеу және M:N байланыс түрін қолдануды қолдайтын модель түрін құру.[14]

Желілік модель де мәліметтерді граф түрінде ұсынуға негізделген. Бірақ иерархиялық модельде ұрпақ түйін тек бір ғана аталық түйінді иемдене алатын болса, желілік модельде көптеген аталық түйінді иемдене алады.



2.1-сурет – «Несие бөлімі» байланысы

2.1.2 Мәліметтер қорына қойылатын талаптар

Жақсы жобаланған мәліметтер қоры:

– мәліметтер қорының құрамына қатысты қолданушының барлық талаптарын қанағаттандырады. Қорды жобалау алдында қолданушылар талаптары туралы зерттеулер жүргізу керек.

– мәліметтердің толықтығына, дәлдігіне және қайшылықсыз екендігіне кепілдік береді. Кестені жобалағанда оның қасиеттерін анықтап алу қажет және қолданушының қате мәліметтер енгізбеуі үшін шектеулер қою қажет. Кестеге мәлімет енгізбес бұрын мәліметтер моделінің ережелерін жүзеге асырып, сонымен қатар ақпараттың бүтіндігіне кепілдік беру керек.

– ақпараттың құрылымын қабылдауды жеңіл қамтамасыз етеді. Сапалы қордың құрылуы базаға түсінуге жеңіл сұраныстар жасауға мүмкіндік береді және дұрыс емес мәліметтердің ену ықтималдылығы азаяды.

– қолданушылардың мәліметтер қорының өнімділігіне қойылатын талаптарын қанағаттандырады. Көлемді ақпаратпен жұмыс кезінде өнімділіктің сақталуы маңызды болып табылады.

Мәліметтер қорында модельдеу керек болатын дүниедегі нақты объектілерді талдау. Осы объектілерден мәнді және олардың қасиеттерін құрастыру.

Байланыс түрлері:

- «бірдің бірге» байланысы;
- «бірдің көпке» байланысы;
- «көптің көпке» байланысы.[21]

«Бірдің бірге» байланысы кезінде бастапқы кілт сыртқы кілттің де орнында болып келеді. Бұл байланыс кестедегі мәліметтерді белгілері бойынша екі кестеге бөліп қолданғанда пайдаланылады.

«Бірдің көпке» байланысы көп жағдайда мәндер арасындағы нақты байланысты сипаттайды. Мұнда «сырқы кілт – бастапқы кілт» жұбы бойынша байланыс орнатылады. Бастапқы кілтке мәндер, ал сыртқы кілтке олардың кодтары байланыстырылады.

«Көптің көпке» байланысын реляциялық мәліметтер қоры қолдамайды. Тек оны жаңа бір кесте қосу арқылы ғана орындауға болады. Ол кестеде тек сыртқы кілттер қолданылады.

Қажеттілік жағдайда ақпараттың құпиялылығын сақтау және сенімділігін жоспарлау. Бұл қадамда келесі сұрақтарға жауап беру керек:

- мәліметтер қорын қолдануға кімнің және қандай мүмкіндігі бар;
- мәліметтерді енгізуге және өшіруге кімнің құқығы бар;
- қолжетімділік құқықтарына айырмашылық енгізу керек пе;
- қалай ақпаратты қорғау тәртібін қамтамасыз етуге болады.

2.2- суретте «Банктің несие бөлімі» тұжырымдамалық кестесі көрсетілген.

2.1.3 Мәліметтер қорын басқару жүйесін құруға арналған программалық өнімдерге шолу

MySQL, проект қайнарын GNU General Public License (GPL) және әр түрлі жеке меншік лицензияларын да шығарды. MySQL-ды кезінде MySQL AP атты Шведттық фирма демеу еткен, ал қазір оны толығымен Oracle корпорациясы сатып алды.

Толық функционалды мәліметтер қорын қажет ететін, қайнары тегін проекттер жиі MySQL-ды қолданады. Серверді коммерциялық проекттерде қолдану үшін, қосымша функциялармен ұсынылатын бірнеше нұсқалары бар. MySQL-ді қолданатын бағдарламаларға TYPO3, Joomla, WordPress, phpBB, MyBB, Drupal және де басқа LAMP бағдарламаларын жатқызуға болады. MySQL сонымен қатар Google, Wikipedia, Facebook және Twitter сияқты дүниежүзілік және кең ауқымды web-бағдарламаларында қолданылады.[14]

Программалау тілі. MySQL серверімен жұмыс істеуге және оны басқаруға арналған басқа да клиенттік бағдарламалар бар. Кейбір кең қолданылатындары төменде алфавит бойынша тізімделген:

Adminer – CSS стилін қолдануға болатын, бір ғана PHP скрипттен және бірнеше мәліметтер қорымен жұмыс істей алатын, тегін клиенттік бағдарлама.

DaDaBIK – мәліметтер қорына CRUD операцияларын web арқылы жасауға мүмкіндік беретін, қайнары ашық және тегін PHP тілінде жасалған клиенттік бағдарлама.

DBEdit – MySQL және басқа да мәліметтер қорын басқаруға арналған тегін программа.

dbForge GUI Tools – схемаларды және мәліметтерді салыстыруға және синхрондауға, тапсырыстарды құруға арналған жеке модульдерден тұратын программа.

HeidiSQL – Windows платформасына арналған толық функционалды клиенттік программа. Басқару жүйесіне жергілікті және алыстағы компьютердегі мәліметтер қорын, кестелерді, кесте бағаналарын және жеке мәлімет жолын өңдеу операциялары жатады. Сонымен қатар уақыт/күн және мәндік типті жолдарды өзгертуге арналған клиенттік функциялары бар.[10]


Navicat – Windows, Macintosh және Linux операциялық жүйелеріне арналған мәліметтер қорын басқаруға арналған графикалық программалардан тұратын программалар жиынтығы.

OpenOffice.org – OpenOffice.org Base, MySQL мәліметтер қорын басқара алады. (Ол үшін тегін және қайнары ашық OpenOffice.org suite программасын толығымен орнату керек).

phpMyAdmin – тегін web арқылы қолдануға арналған және көбінесе web-hosting- тарда кең қолданылатын web- бағдарлама. Ол PHP- да жасалғандықтан, LAMP, MAMP және WAMP программаларының ішінде кең қолданылады.

SQLBuddy – PHP-да жасалған тегін web-программа.

Sequel Pro – Mac OS X операциялық жүйесіне арналған тегін және қайнары ашық программа-клиент.



2.2-сурет – Кестелер арасындағы байланыс

SQLYog – MySQL-ді басқаруға арналған тегін немесе ақылы программа. Бұлардың бірнеше нұсқалары бар: Community, Ultimate, Enterprise және Professional. Қоғамдастық нұсқасы (Community Edition) тегін және қайнары ашық программа.[14]

Toad for MySQL – Quest Software компаниясының MySQL-ді басқаруға арналған тегін клиенттік программасы.

Бұлардан басқа ақылы программаларға кіретіндер dbForge Studio for MySQL, Epictetus, Oracle SQL Developer, SchemaBank, SQLPro SQL Client, Toad Data Modeler.

Қолданылуы. Веб-программаларында MySQL кең қолданылады және кең тараған LAMP программаларының ішінде басты компонент рөлін атқарады. LAMP сөзі – «Linux, Apache, MySQL, Perl/PHP/Python» сөйлемінің акронимі.

MySQL – қайнары тегін программалар мен Интернеттегі танымал Flickr, Nokia.com, YouTube, Wikipedia, Google, Facebook және Twitter сайттарында қолданылады.

Мәліметтер қорымен жұмыс істеу үшін, көптеген программалау тілдеріне кітапханалар жасалынған.

Мысалы, C# және VB.NET үшін MySQLConnector/Net, ал Java үшін JDBC драйвері. Бұнымен қатар ODBC интерфейсін қолдайтын ASP және ColdFusion сияқты тілдер үшін MyODBC кітапханалары бар. Ал URL арқылы кез-келген web-клиенттің MySQL серверімен араласуға мүмкіндік беретін HTSQL технологиясы, MySQL серверімен бірге келеді.[21]

Ресми программалар. Графикалық интерфейсте MySQL мәліметтер қорын басқаруға және олардың құрылымын жасау үшін, MySQL AB фирмасы MySQL Workbench атты программасын шығарды. Ол осыған дейін болған MySQL GUI Tools программасының орнына келді. MySQL Workbench қолданушыларға келесідей мүмкіншіліктер ұсынады:

- мәліметтер қорын дизайндау және модельдеу
- sql программалау – MySQL Query Browser программасының орнына
- мәліметтер қорын басқару – MySQL Administrator-дың орнына

MySQL Workbench екі нұсқада келеді. Олар, қайнары тегін қоғамдастық нұсқасы (Community Edition) және қосымша мүмкіншіліктері бар стандартты нұсқасы (Standard Edition).

Мәліметтермен жұмыс істеу функцияларын келесі стандартты топтарға бөлуге болады:

- кестелермен жұмыс;
- бөлек жазбалармен жұмыс;
- есеп дайындау;
- сұраныстармен жұмыс;
- желімен жұмыс;
- макростармен жұмыс;
- жұмыстық графикамен жұмыс.

Кестелермен жұмыс функциялары кестелерді құруға, көшіруге, атын қоюға, өшіруге мүмкіндік береді. Біріктіру және алып тастау секілді реляциялық алгебра операцияларын да орындауға болады.

2.2 Программа құрудың интегралдық ортасын сипаттау

Кейінгі кездегі дамып келе жатқан визуалды программалау программаның текстін қолдан жазғанның орнына, программалау пакетінің ішіндегі дайындықтарды қолдануды қолдайды, ол дайындықтардың тек қана кейбір параметрлерін өзгертіп немесе модификациалау қажет.

Программамен жұмыс істегенде, екі кезеңге бөлуге болады. Бірінші кезең – жобалау кезеңі. Мұнда программа бөлек құрама бөліктерден құралады да, оған қажетті параметрлермен мінездемелер белгіленеді. Дәл осы кезеңде, программа жұмыс атқарғанға дейінгі нәтижелерін көруге болады және визуалды программалаудың әдістері қолданылады. Екінші кезең – программаның жұмыс атқару кезеңі, және аралық кезеңді бөліп қарастыруға болады, бұл тексеру кезеңі, программаның қателіктерін, дұрыс жұмыс атқарылуын қарастырады.[15]

Жобалау кезеңінде бірнеше файлдар құрастырылып қолданылады. Негізгі бөлігі – жоба. Әдетте бұл бөлік бүкіл программаның жинақтаушы бөлігі болып келеді, бірақ керек жағдайда өзіне қажетті өзгертулер енгізуге болады.

Программаның жұмыс істеу кезеңінде әртүрлі динамикалық кітапханалы файлдарды (DLL – DynamicLinkLibrary) қолдануы мүмкін, кеңейтілуі *.dll. Программаның жұмыс істеу барысында әртүрлі тексттік немесе тексттік емес файлдарды қолдануы мүмкін, мұнда қажетті мәліметтер орналасады.

C# – ол бірнеше маңызды технологиялар комбинациясы:

- машиналық кодтағы жоғарғы өнімділік компиляторы;
- компоненттің объектілі-бағытталған моделі;
- программалық көшірмеден визуалды (жылдамдатылған) қосымшаларды құру;
- мәліметтер қорын құруға арналған құрал.

C# программалау тілі кез-келген қосымшаны дайындауға болатын жылдамдығы тез, қуатты тіл.[13]

1994 жылы Borland фирмасы C# атты қосымшаларды жылдам жетілдіруге арналған аспапты құралдарды жетілдіруді бастады. Оның негізіне Object Pascal тілі болды.

Delphi тілінің пайда болуының алдында, Borland фирмасы Pascal тілін конструктивті өзгерістерге ұшыратты. Мысалы: Object Pascal тіліне класстар енгізілгеннен кейін объектілі-бағытталған тілдерінің тобына ауыстырылды. C# құрылған кезде жаңа кілтті сөздер (published, property және т.б.) енгізілді. Бірте-бірте кейінгі жылдары Delphi-дің 2,3,4,5,6-шы нұсқалары пайда болды. 5-ші мен 6-шы нұсқаларының бір-бірінен айырмашылығы жоқ деуге болады,

екеуі де Windows 32 операциялық жүйесінің негізін пайдаланған. С# 6-да интернет үшін қосымшаларды дайындауға мүмкіндігі кеңейтілген және берілгендер қорымен жұмыс істеуде өзгешеліктері енгізілген.[14].

С# көмегімен Windows-қа арналған программалық қамсыздандыру өндірісі тез және көп күш алғызбайды. Сонымен бірге консольдік және Win 32 GUI қосымшаларын құра аласыз. Соңғы үлгіде компиляцияланған бағдарламалау тілімен (Object Pascal) кездесесіз. Ол пайдаланушы интерфейсін (оған әртүрлі мәзірлерді, сұхбаттық терезе, негізгі терезе және т.б. жатады) жобалаған кезде drag-and-drop механикасымен қолдана аласыз. С#-тың интеграцияланған жетілдіру ортасы үш бөлімнен тұрады. Олар:

- негізгі саймандар тақтасы;
- объект инспекторы;
- форма мен код редакторы.

Жоғарғы жақта негізгі терезе орналастырылған. С#-тың саймандар тақтасындағы бір тетікті басқан кезде проектінің ашылу, сақталуы немесе компиляциялау тапсырмаларын орындауға мүмкіндік береді. Саймандар тақтасы формаға орналастыра алатын көп жиынтықты компоненттерден тұрады (компоненттерге мәтіндік белгілер, редакторлау алаңы, тізім, тетік және т.б. кіреді). Оларды тиімді пайдалану үшін компоненттер топтарға бөлінген. Компоненттерді формаға орналастыру үшін оны бір рет таңдап форма бетіне апару керек.[16]

Негізгі терезе. Негізгі Терезе С#-тың «басқару орталығы» болып табылады. Ол негізгі мәзірді, құралдар тақтасы және құрауыштар палитрасы қосымшаларын құру процесін бақылайтын негізгі үш бөліктен тұрады.

Негізгі мәзір. Негізгі мәзір проектімен жұмыс кезінде қажетті барлық құралдарды шығаруға мүмкіндік береді. Мәзір бөлімдері және олармен байланысқан функциялар:

File (Файл) – файлмен жұмыс жасайтын командалар жиынтығын құрайды, оларды проектіге қосуға, шаблондардың көмегімен жаңа файл құруға, өшіруге және басып шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен осы бетте жаңа қалып жасауға арналған командалар және шығу командасы орналасқан. С# 5-те Frame (фрейм) жаңа элементін құруға арналған команда қосылған.

Edit (Түзету) – атында көрсетілгендей, мұнда мәтін түзететін, өшіретін және буферге салынатын немесе керісінше буферден қоятын және түзетілген амалдарды кері қайтаратын командалар орналасқан.

Басқару командалары және де өзінің өңделген ActiveX интерфейсіне процедуралар немесе функциялар жаңа қасиет қосатын команда енгізілген. Бөлімнің бір опциясының орналасуын өзгертуге рұқсаттамауға да болады.

Search (Іздеу) – мәтінді іздеу және алмастыру амалдарын орындайтын командалар тобы.[15]

View (Қарау) – проектілерді басқаруда көп қолданылатын құралдарды шақыратын командалар берілген. Олар: Project Manager (Проект менеджері), Translation Manager (DLL тілінің менеджері), Object Inspector (Объектілердің инспекторы), To-Do-List (Есептер тізімі), Alignment Palette (Компоненттерді

теңестіретін терезе), Browser (Зерттеу), Code Explorer (Программа бойынша жол сілтеуіш), Component List (Компоненттер тізімі), Window List (Терезелер тізімі), Type Library (Кітапхана типтері).

Project – проектиге модульдерді қосуға және өшіруге, кітапханалар типін импорттауға, проектіні объектілер архивіне (Repository) сақтауға, проект мәтіндік терезесін іске қосуға, проектiлердi топқа қосуға мүмкіндік беретін тетік.

Run (Қосу) – өңделген программаларды жіберуге, оған параметр қатарын беруге мүмкіндік беретін тетік.

Component (Компонент) – мұнда компоненттерді орнатуға, ActiveX компоненттерін импорттауға, жаңа компоненттер және компоненттер шаблонын құруға, пакеттерді түзету және компоненттер политрасын баптауға арналған командалар бар.[14]

Database (Деректер қоры) – деректер қорымен жұмыс істейтін командалар бар, олар: SQL Explorer (деректер қорын зерттеу), SQL Monitor (SQL Manitor) және Form Wizard (Форма жасау).

Tools (Құралдар) – C#-тың жұмыс ортасының қасиеттерін орнатуға, проектiлер орнатуға, проектiлер архивіне бастау жүргізу, проектімен жұмыс жасауға, қосымша утилиттерді қосуға және өшіруге мүмкіндік береді. C# 5-те осы бөлімде ресурстар қатары ұлттық алфавитпен сақталған тағы бір архив – Translaron Repository-ді ашуға болатын команда қосылған.

Help (Көмек) – C#-тың анықтамалық жүйесін шақыруға мүмкіндік береді.

C#-тың жұмыс ортасы. C#-тың интеграцияланған жетілдіру ортасының орталық жерінде жұмыс ортасы орналасқан. Онда форма конструкторы көрсетілген. Ол қосымшалардың формасын құруға арналған. C#-та форма программаның терезесі ретінде белгіленген. Жұмыс істеу барысында форма үстінде форма конструкторы арқылы компоненттерді орнатуға, олардың орнын алмастыруға және өлшемін өзгертуге болады. Форма конструкторымен код редакторы тығыз байланысты. Оның көмегімен қосымша құрған кезде, программалық кодты енгізуге болады. Барлық алда өткен құрылғылар – объект инспекторы, форма конструкторы, код редакторы мен саймандар тақтасы бір-бірімен қолданбалы программаларды құру барысында, өте тығыз байланысады.

C# ортасында жиі кездесетін оқиғалар:

- On Click тышқан тетігін бір рет басу;
- On Dbl Click тышқан тетігін екі рет басу;
- On Key Down клавишті басу;
- On Create форманы екі рет шерту.[16]

2.2.1 Мәліметтер қорымен жұмыс істеу

Басты модульдің орындалатын бөлігі begin, end арасында орналасады. Орындалатын бөлік нұсқауы қосымшаны инициализациялау және экранға

шығаруды қамтамасыз етеді. Әрбір программада басты модульден басқа да, кем дегенде бір модуль формалары болады, ол үрдістің орындалуын қамтамасыз етеді. Delphi-де әр форманың өз модулі болады.

Модуль unit сөзімен басталады, кейін модуль аты жазылады. Осы ат қосымшаның басты модульдегі uses нұсқауында жазылған, оның тексті екінші листингте жазылған. Модуль 3 бөліктен тұрады: интерфейс, іске асыру, инициализация.[10]

Интерфейс бөлігі (interface сөзімен басталады) компиляторға, басқа программа модульдеріне модульдің қай бөлігі сай келетінін көрсетеді. Бұл бөлікте (uses сөзінен кейін) модульдің пайдаланатын кітапханалық модульдері және type сөзінен кейін форманың сипаттамасы жазылады.

2.3 SQL тілі – мәліметтер қорының негізгі тілі

SQL – МҚБЖ- мен басқарылатын ерікті реляциялық мәліметтер қорында сақталатын ақпаратты іздеу, шығару, түрлендіруге қолданылатын программалаудың стандартты тілі. SQL күшті тіл болу себебінен оны өте танымал Microsoft Access, Oracle, MySQL МҚБЖ қолданады.

SQL – бұл:

- программалау тілі;
- үйренуге жеңіл;
- процедуралы емес;
- интерактивті немесе кірістірілген;
- стандартталған.[17]

Программалау тілі. SQL – оның көмегімен компьютерге программа деп аталатын нұсқау беруге болатын құрал, формальді тілдердің бірі. Мәліметтер қорының программалық қамтамасы SQL тілінде жазылған программаны орындайды. Яғни, МҚБЖ оған жіберілген сұранысты және сұраныс мәліметтерін оқуды, түзетуді орындайды және жұмыс нәтижесін көрсетеді.

